

"Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 122-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырда № 20749 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 440-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 01.07.2021 № 440-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10513 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 сәуірде № 61 (28539) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 26 мамырдағы
№ 122-НҚ бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 6 ақпандағы
№ 116 бұйрығына
1-қосымша

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

№	Рұқсат беру талаптары:	Рұқсат беру талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары:			
	Осы Қағидалармен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары сарапшы-аудиторларды аттестаттау Қағидаларына 6-қосымшада көзделген (бұдан әрі - Қағидалар) мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін жоғары білімнің болуы немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін	

1	<p>сәйкес стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығы (салалар бойынша) бойынша жоғары білімнің болуы немесе Қағидаларға 6-қосымшада көзделген мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келмеген жағдайда, мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы. Мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде он жыл жұмыс өтілі болған кезде орта білімнен кейінгі білімге рұқсат етіледі.</p>	<p>айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің қосымшасына және рұқсат беру талаптарына сәйкес (бұдан әрі - рұқсат беру талаптары) келуі тиіс.</p>	
2	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өтуі. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау бойынша курстар өткізу мерзімдері кемінде академиялық 80 сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде академиялық 40 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді. Қазақстан Республикасында жаңа аттестаттау бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау курстарын өту үшін жағдайлар болмайтын кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс курстар өтуге кемінде академиялық 40 сағат көлемінде жол беріледі.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	
3	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өтуі. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау бойынша курстар өткізу мерзімдері кемінде академиялық 80 сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде академиялық 40 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді. Қазақстан Республикасында жаңа аттестаттау бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау курстарын өту үшін жағдайлар болмайтын кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс курстар өтуге кемінде академиялық 40 сағат көлемінде жол беріледі.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	<p>Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру жөніндегі куәліктердің қолданылу мерзімі - бір жыл.</p>
	<p>Қағидаларға 6-қосымшада көзделген бағыт бойынша практикалық сабақтар (тағылымдамалар), Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде сертификатталған немесе халықаралық сарапшы-аудитор немесе Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушы</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес, мәлімделетін бағытта тағылымдамадан өтуі</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәлімделетін аттестаттау бағыттарында практикалық дайындықтан (тағылымдамадан) өтуді аттестаттау бағыттары бойынша даярлық (қайта даярлық)</p>

4	<p>мемлекеттерінде аттестатталған және аталған бағытта кемінде үш жыл жұмыс істеген сарапшы-аудиторда практикалық дайындықтан (тағылымдамадан) өту. Бұрын мәлімделген сертификаттау саласында сертификатталған адамдар үшін тағылымдамадан өту талап етілмейді, сертификаттан айырылған немесе тоқтатылған немесе мерзімі өткен сертификатталған сарапшыларды қоспағанда.</p>	<p>туралы (әртүрлі схемалар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) - кемінде бес есеп немесе сәйкес мәлімделетін аттестаттау бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп.</p>	<p>бойынша курстарды тыңдаудан соң жүзеге асырады. Бұрын мәлімделетін аттестаттау саласында аттестатталған тұлғаларға мәлімделетін аттестаттау саласындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп ұсынады.</p>
---	---	--	--

2. Басқару жүйелерінің сәйкестігін растау үшін сарапшы аудиторларға өтініш білдірген тұлғаларға қойылатын талаптар:

1	<p>Сарапшы-аудиторлыққа үміткер жеке тұлғада жоғары білімінің болуы. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздік менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар үшін-тамақ өнеркәсібіне немесе білімнің аралас салаларына қатысты өндірістік және өңдеуші салалар даярлау бағытындағы жоғары білімінің болуы.</p> <p>Энергетикалық менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар үшін-энергетикаға немесе білімнің аралас салаларына қатысты инженерлік, өңдеуші және құрылыс салаларын даярлау бағытында жоғары білімінің болуы.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар үшін-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, математика және статистиканы дайындау бағытында жоғары білімінің болуы.</p> <p>Фармацияда Тиісті дәріханалық практика бойынша менеджмент жүйелерінің (GPP), фармацияда тиісті өндірістік практика бойынша менеджмент жүйелерінің (GMP), фармацияда тиісті дистрибьюторлық практика бойынша менеджмент жүйелерінің (GDP) сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар үшін - Фармацияға қатысты Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) дайындау бағытындағы жоғары білімнің болуы.</p> <p>Егер білімі осы бұйрықтың 6-қосымшасында көзделген аттестаттаудың мәлімделген бағытына сәйкес келмеген жағдайда, аттестаттаудың</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны</p>	
---	--	--	--

	<p>мәлімделген бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>	<p>рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	
2	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған немесе халықаралық сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде осы бағытта жұмыс істейтін аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде екі жыл практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту. Аттестаттан айырылған немесе аттестаттардың қолданылу мерзімі тоқтатылған немесе аяқталған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, мәлімделген аттестаттау саласында бұрын аттестатталған адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	
3	<p>Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау (қайта даярлау) бойынша курстарды өткізу ұзақтығы кемінде 80 академиялық сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді. Қазақстан Республикасында аттестаттаудың жаңа бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау курстарынан өту үшін жағдай болмаған кезде кемінде 40 академиялық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде курстардан өтуге жол беріледі.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес.</p>	
4	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілікті арттыру курстарынан өту. Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау бойынша курстарды өткізу мерзімі кемінде 80 академиялық сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді. Қазақстан Республикасында аттестаттаудың жаңа бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау курстарынан өту үшін жағдай болмаған кезде кемінде 40 академиялық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде курстардан өтуге жол беріледі.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәлімделетін аттестаттау бағыттарында практикалық дайындықтан (тағылымдамадан) өтуді аттестаттау бағыттары бойынша даярлық (қайта даярлық) бойынша курстарды тыңдаудан соң жүзеге асырады. Бұрын мәлімделетін аттестаттау саласында аттестатталған тұлғаларға мәлімделетін аттестаттау саласындағы сарапшы-аудитордың</p>

			қызметі туралы есеп ұсынады.
3. Көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары:			
1	Мәлімделген қызмет бағытындағы мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мәлімделетін аттестаттау бағытында кемінде екі жыл немесе мәлімделетін аттестаттау бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтілі. Қазақстан Республикасында мәлімделген аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органдар болмаған жағдайда қызметтің мәлімделген бағытындағы кемінде жеті жыл жұмыс өтіліне жол беріледі.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.	
2	Мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде екі жыл немесе осы Қағидаларға б-қосымшада көзделген аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтілі. Қазақстан Республикасында мәлімделген аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органдар болмаған жағдайда қызметтің мәлімделген бағытындағы кемінде жеті жыл жұмыс өтіліне жол беріледі.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.	
3	Мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өтуі. Көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау бойынша курстар өткізу мерзімдері кемінде академиялық 80 сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде академиялық 40 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді. Қазақстан Республикасында жаңа қызмет бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау курстарын өту үшін жағдайлар болмайтын кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс курстар өтуге кемінде академиялық 40 сағат көлемінде жол беріледі.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.	Көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру жөніндегі куәліктердің қолданылу мерзімі - екі жыл.
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған немесе халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушы	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес, мәлімделетін бағытта	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәлімделетін аттестаттау бағыттарында практикалық дайындықтан (тағылымдамадан) өтуді аттестаттау бағыттары бойынша даярлық (

4	<p>мемлекеттерінде аттестатталған және аталған бағытта кемінде үш жыл жұмыс істеген сарапшы-аудиторда практикалық дайындықтан (тағылымдамадан) өту. Аттестаттарының қолданысы тоқтатылған немесе мерзімі өтіп кеткен немесе аттестаттары жойылған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, бұрын мәлімделетін аттестаттау саласында аттестатталған тұлғалардың тағылымдамдан өтуі талап етілмейді.</p>	<p>тағылымдамадан өтуі туралы (әртүрлі схемалар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) - кемінде бес есеп немесе сәйкес мәлімделетін аттестаттау бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп.</p>	<p>қайта даярлық) бойынша курстарды тыңдаудан соң жүзеге асырады. Бұрын мәлімделетін аттестаттау саласында аттестатталған тұлғаларға мәлімделетін аттестаттау саласындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп ұсынады.</p>
<p>4. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары:</p>			
1	<p>Жоғары білімнің келесі мамандықтардың бірінде болуы*: техникалық ғылымдар мен технологиялар, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика (биология және сабақтас ғылымдар, физикалық ғылымдар), машина жасау, өндірістік және құрылыс салалары; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, егер білім мәлімделген сертификаттау саласында сарапшы-аудитор ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесіне сәйкес келмесе.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	
2	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өтуі. Қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау бойынша курстарды өткізу ұзақтығы кемінде 80 академиялық сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді.</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	
3	<p>Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге өзінің қатысқанын (техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын қағидаларға сәйкес нысанда тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда растайтын жеке тұлғаның тағылымдамадан өткені туралы бес есептің көшірмесі. Тағылымдамалар туралы есептерге тағылымдамадан өту кезінде тағылымдамадан</p>	<p>Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.</p>	<p>Сараптама актісімен танысу және сарапшы-аудитордың іс жүзінде тәжірибеде сараптаманы қалай</p>

	өтуші жүргізген практикалық қызметі туралы құжаттардың көшірмелері (сараптама актілерінің көшірмелері) қоса беріледі.	жүргізетінін білу мақсатында.
5. Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары:		
1	Мәлімделген қызмет бағытындағы мамандығы бойынша кемінде бес жыл немесе мәлімделген қызмет бағытындағы кемінде бес жыл жұмыс өтілі.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.
2	Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаларды даярлау немесе біліктілігін арттыру жөніндегі курстарды өткізу ұзақтығы кемінде 80 академиялық сағатты құрайды. Бұрын аттестатталған жеке тұлғалар кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтеді.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарының қосымшасына сәйкес келуі тиіс.
6. Процестің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы аудиторларға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары:		
1	Процестің сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларға жүгінетін жеке тұлғаларға қойылатын талаптар:	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес келуі тиіс .
2	Мәлімделген сертификаттау саласына сәйкес келетін немесе егер білім мәлімделген сертификаттау саласына сәйкес келмесе, мәлімделген қызмет саласында кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жоғары білімінің болуы.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес келуі тиіс .
3	Өтініш пен рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторларға жүгінген тұлғаның ақпарат нысаны.	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес келуі тиіс .
4	Мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде екі жыл немесе осы Қағидаларға 6-қосымшада көзделген аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде үш жыл жұмыс өтілі. Қазақстан Республикасында аттестаттаудың мәлімделген бағытында процестің сәйкестігін	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес, мәлімделетін бағытта тағылымдамадан өтуі туралы (әр түрлі схемалар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) -

	растау жөніндегі органдар болмаған жағдайда қызметтің мәлімделген бағытындағы кемінде жеті жыл жұмыс өтіліне жол беріледі.	кемінде үш есеп немесе сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп.
5	Өтініш пен рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторларға жүгінген тұлғаның ақпарат нысаны.	Рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны.
6	Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес келуі тиіс.	
7	Мамандырылған сертификаттау бағыты бойынша қайта даярлау немесе қайта даярлау курстарынан өту. Жеке құрамның сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларға жүгінетін тұлғаларды оқыту немесе біліктілігін арттыру курстарының ұзақтығы кемінде 80 академиялық сағатты құрайды. Бұрын сертификатталған тұлғалар кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өтті.	
8	Өтініш пен рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторларға жүгінген тұлғаның ақпарат нысаны.	
9	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудиторда мәлімделген аттестаттау бағытында практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту. Қазақстан Республикасында практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту үшін жағдай болмаған кезде кемінде 40 академиялық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі. Аттестаттан айырылған немесе аттестаттардың қолданылу мерзімі тоқтатылған немесе аяқталған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, мәлімделген аттестаттау саласында бұрын аттестатталған адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.	
10	Қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның мәлімделетін аттестаттау бағытында тағылымдамадан өткені туралы кемінде үш есеп (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысуды және олар туралы есептер жасауды қоса алғанда) немесе сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп нысаны.	

* Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес.

Сәйкестікті растау,
тауарды шығарған елді,
Еуразиялық экономикалық
одағы тауарының немесе шетел
тауарының мәртебесін айқындау
жөніндегі сарапшы-
аудиторларға қойылатын рұқсат
беру талаптары мен оларға
сәйкестікті растайтын құжаттар
тізбесіне қосымша
нысан

Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға мәліметтерінің нысаны

(мәлімделетін аттестаттау бағыты)
Толтырылған күні _____

1. Жеке деректері:
Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болған кезде)

Туған жылы _____

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат (нөмірі, кім және қашан берді)
Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Білімі _____

Аяқтаған оқу орнының атауы

Аяқтаған жылы _____

Білімі туралы құжаттың (диплом) нөмірі

(шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаты болған кезде,
Қазақстан
Республикасының аумағында заңнамамен белгіленген тәртіппен білім беру
туралы құжатты
нострификациялау туралы мәліметтерді көрсету) Диплом бойынша
мамандығы

Диплом бойынша біліктілігі

Ғылыми дәрежесі (бар болған кезде)

Аттестаты (бар болған кезде)

(сарапшы-аудитордың)

20 ____ жылы " ____ " _____ № _____

берілген.

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

телефоны _____

Тұрғылықты мекенжайы

2. Жұмыс өтілінің бар екендігі туралы деректер:

Күні		Ұйым атауы, лауазымы	Негізгі міндеттемелері
басталуы	аяқталуы		

3. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, сәйкестігін растау, аккредиттеу бойынша жұмыстарға қатысқандығы (практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуі) туралы деректер:

Жұмыстар жүргізу кезеңі	Тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы	Орындалған жұмыстар тізбесі

4. Даярлық (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы деректер:

Күні	Оқыту түрі, сағаттар саны	Мамандану (қызмет бағыты)	Куәліктің нөмірі және берілген күні	Оқытуды өткізген оқу орталығы

Қолы, күні

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 26 мамырдағы
№ 122-НҚ бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 6 ақпандағы
№ 116 бұйрығына
2-қосымша

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 1-тармағының 2-1) тармақшасына, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 5-тармағына және 16-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сарапшы-аудиторларды аттестаттау (бұдан әрі - аттестаттау) - сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар дайындығының теориялық және практикалық деңгейінің техникалық реттеу және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар саласындағы белгіленген Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

2) уәкілетті орган - техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-тарау. Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау тәртібі

1-параграф. Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі аттестаттау

3. Аттестаттау үшін уәкілетті орган сәйкестікті растау тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі аттестаттау комиссияларын құрады.

4. Сәйкестікті растау үшін сарапшы-аудиторларды сертификаттау жөніндегі комиссия кемінде бес адамнан тұрады. Сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларды сертификаттау жөніндегі комиссияның құрамына уәкілетті органның.

5. Сәйкестікті растау жөніндегі аттестатты алу үшін сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

сәйкестікті растау, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

келесі санда есеп:

өнім бойынша (әр түрлі схемалар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) - кемінде бес есеп немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп;

қызметтер бойынша (сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) - кемінде бес есеп немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп;

жалпы ұзақтығы жиырма жұмыс күнінен кем емес менеджмент жүйесі бойынша (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысуды және олар туралы есептер жасауды қоса алғанда) - кемінде төрт есеп немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп;

персонал бойынша - тиісті бағыттар бойынша кемінде үш есеп немесе кәсіби қауымдастықтардың ұсынымдары немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп.

6. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау комиссиясының құрамы бес адамнан кем болмауы қажет. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі комиссияның құрамына уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері енгізіледі. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасы уәкілетті органның бұйрығымен тағайындалады.

7. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі аттестатты алу үшін сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынады:

өтініш;

сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

саны мынадай есеп:

тауардың шығарылған елін Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге оның қатысуын растайтын жеке тұлғаның тағылымдамадан өткені туралы бес есептердің (тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) көшірмелері немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп белгіленген нысандағы бес сараптама актілерінің көшірмелерімен қоса.

8. Құжаттар топтамасы уәкілетті органға электрондық түрде "электрондық үкімет" www.egov.kz порталы арқылы ұсынылады, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

9. Сарапшы-аудиторларды аттестаттау уәкілетті органға құжаттар келіп түскен сәттен бастап алты жұмыс күні ішінде жүргізіледі және мынадай кезеңдерді:

1) ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді;

2) сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау бойынша комиссиясының қоса берілген құжаттармен өтініштерді қарауды;

3) уәкілетті органның сарапшы-аудитор ретінде аттестаттау туралы немесе дәлелді бас тарту туралы шешімдер шығаруын;

4) сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі аттестатын ресімдеуді және оны сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізіліміне енгізуді қамтиды.

10. Сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитор ретінде аттестаттау туралы шешім қабылдаған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестікті растау, жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты беріледі; тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

11. Аттестатты беру туралы шешім сәйкестікті растау және аккредиттеу бойынша сарапшы-аудиторларды аттестаттау комиссиясының және тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау комиссиясының оң шешімі негізінде уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді.

12. Аттестатты беруден бас тарту мынадай:

1) анық емес мәліметтер ұсыну;

2) сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкессіздігі;

3) мәліметтері техникалық реттеу саласындағы заңнама нормаларына қайшы келетін, тағылымдамалардан өткені туралы есептер ұсыну.

Электрондық құжат түріндегі дәлелді бас тартуды уәкілетті орган сертификат беру үшін белгіленген мерзімде сарапшы-аудиторларға жүгінген адамдарға береді.

2-параграф. Қорытынды ережелер

13. Аттестаттарының қолданысы тоқтатылған немесе мерзімі өтіп кеткен немесе аттестаттары жойылған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, сәйкестікті растау, жөніндегі бұрын аттестатталған сарапшы-аудиторлар есептердің орнына мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сарапшы-аудитордың қызметі туралы есепті (бұдан әрі - сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп) ұсынады.

Аттестаттарының қолданысы тоқтатылған немесе мерзімі өтіп кеткен немесе аттестаттары жойылған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі бұрын аттестатталған сарапшы-аудиторлар есептердің орнына сараптаманың кемінде бес актісін қоса беріп, мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитордың қызметі туралы есепті ұсынады.

Сарапшы-аудиторларды аттестаттау бағыттары осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген.

14. Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

15. Сәйкестікті растау, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды қайта аттестаттау сәйкестікті растау рәсімдерін жүргізу, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау бойынша сараптама жүргізу қағидаларын бұзу жасалған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін жүргізіледі.

16. Аттестаттарының қолданысы тоқтатылған немесе мерзімі өтіп кеткен немесе аттестаттары жойылған сарапшы-аудиторларды қоспағанда, сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі бұрын аттестатталған сарапшы-аудиторлардың 20 жыл мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша жұмыс өтілі болса, аттестаттарының қолданысы 5 жыл сайын рұқсат беру талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынусыз ұзартылады.

Сәйкестікті растау, тауарды
шығарған елді, Еуразиялық
экономикалық одағы тауарының
немесе шетел тауарының

(аттестаттау органының толық атауы)

(аттестаттау бағыты) бойынша сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғадан

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде),
жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, телефоны)

Өтінім

(аттестаттау бағыты)

бойынша мені сарапшы-аудитор ретінде аттестаттауды өтінемін.

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамамен белгіленген

сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды толығымен орындауға міндеттенемін.

20__ ж. " __ " _____ ақпараттық жүйелерде жазылған, Заңмен қорғалатын

мәліметтерді пайдалануға келісемін (қолы).

Қоса берілетін құжаттар:

Қолы, күні

Есепті кезеңде орындалған жұмыстар туралы мәліметтерде:

Өнімнің, менеджмент жүйелерінің, көрсетілетін қызметтердің, персонал мен процестердің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға:

1) сәйкестік сертификатының нөмірі және берілген күні/сәйкестік туралы декларация.

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел

тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға

1) сараптама актісінің көшірмесі;

2) объектінің атауы.

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидаларына
2-қосымша
нысан

Тағылымдамадан өткені туралы есеп

(мәлімделетін аттестаттау бағыты)

(сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

(есептің мәтіні)

Сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға (тағылымдамашы)

(тегі және аты-жөні)

(қолы)

Тағылымдама басшысының пікір-мінездемесі:

Бағалау саласы	Бағалау (қанағаттанарлық, қанағаттарлықсыз)
Білімі:	
Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одақ заңнамасының негіздері	
Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың стандарттау жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілері және нормативтік құжаттары	
Жұмыстар мен тексерістер жүргізу әдістері мен рәсімдері, тексерілетін нысандар сипаттамалары, оларды бағалау, есептер, қажетті құжаттар және жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар дайындау	
Білімді іс жүзінде қолдана білу	
Жеке қасиеттерін іске асыру	
Жалпы баға	

Тағылымдама жетекшісі

(сарапшы-аудитор, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), аттестаттың тіркеу

нөмірі және берілген күні

сарапшы-аудитор ретіндегі лауазымы, жұмыс орны, жұмыс өтілі)

(тағылымдама басшысының қолы) (тағылымдама басшысының тегі және аты-жөні)

Ұйым басшысы

(ұйым басшысының қолы)

(ұйым басшысының тегі және аты-жөні)

Ескертпе:

Есеп мәтінінде:

1) тағылымдамадан өткен күнді, тағылымдамадан өткен ұйымның атуын және мекежайын (Қазақстан Республикасының Аккредиттеу субъектілері тізбесінде тіркелген ұйымның аккредиттеу аттестатының нөмірі және қолданылу кезеңі);

2) жұмыстардың ережелері мен рәсімдерін айқындайтын қандай құжаттарға сәйкес жүргізілгенін;

3) тексерілетін тексеру нысанының сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы шешімнің ненің негізінде қабылданғаны туралы құжаттар көрсетілген жұмыстарды жүргізу тәртібі (сертификаттау/декларация рәсімдерінің қорытындысы, сынақ хаттамаларының және өзге құжаттардың нөмірлері);

4) сәйкестік сертификатын беру/беруден бас тарту туралы қабылданған шешімді (тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы) көрсетеді.

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидаларына
3-қосымша
нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және

метрология комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты

сарапшы-аудиторлар тізілімінде

20__ жылы «__»
№ _____ болып _____
20__ жылғы «__» _____
дейін жарамды

Осы аттестат _____ сарапшы-аудиторларға
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)
қойылатын Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы
заңнама
талаптарына сәйкестігін және

_____ бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталғанын куәландырады.
Аттестат 20__ жылы " __ " _____ жөніндегі
сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешімі негізінде
берілді.

_____ (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидаларына
4-қосымша
нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты

сарапшы-аудиторлар тізілімінде
20__ жылы «__»
№ _____ болып _____
20__ жылғы «__» _____
дейін жарамды

Осы аттестат _____
сарапшы-аудиторларға
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)
қойылатын Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы
заңнама
талаптарына сәйкестігін және _____ бойынша жұмыстарды
жүргізу
құқығына аттестатталғанын куәландырады.
Аттестат 20__ жылы " __ " _____ жөніндегі сарапшы-
аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешімі негізінде берілді.

_____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Сәйкестікті растау, тауарды
шығарған елді, Еуразиялық
экономикалық одағы тауарының
немесе шетел тауарының
мәртебесін айқындау жөніндегі
сарапшы-аудиторларды
аттестаттау қағидаларына
5-қосымша
нысан

Өтінім

(аттестаттау бағыты)
Тегі _____

Аты _____ Әкесінің аты
(бар болған кезде)

Аттестаты

(сарапшы-аудиторды аттестаттау бағыты)

20__ ж. "___" _____ берілген № _____

20__ ж. "___" _____ бастап 20__ ж. "___" _____ дейінгі есептік кезең

Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар туралы мәліметтер

Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар нәтижесі

(негізгі жұмыс орны)

(аттестаттың қолданысын тоқтата тұру, жою туралы мәліметтер)

(сарапшы-аудитордың тегі және аты-жөні)

(қолы, күні)

(ұйым басшысының тегі және аты-жөні)

(қолы, күні)

Мөрдiң орны

Есеп беру кезеңінде орындалған жұмыс туралы ақпаратта:

Өнімдердi, басқару жүйелерiн, қызметтердi сәйкестiктi бағалау бойынша сарапшылар-аудиторларға:

1) сәйкестiк туралы сертификат/декларацияның нөмiрi мен берiлген күнi және есептi кезеңде жылына кемiнде 10 есеп;

Өнiм шығарылған елдi, Еуразиялық экономикалық одақ өнiмi немесе шетелдiк өнiмнiң мәртебесiн анықтау үшiн сарапшы аудиторларға:

1) емтихан сертификатының нөмiрi мен күнi;

2) объектiнiң атауы.

Сәйкестiктi растау, тауарды шығарған елдi, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесiн айқындау жөнiндегi сарапшы-аудиторларды аттестаттау қағидаларына
6-қосымша

Сарапшы-аудиторлардың аттестаттары төмендегi бағыттар бойынша берiледi

Сарапшы аудиторлардың сертификаттары

келесі бағыттар бойынша шығарылды:

1. Өнімнің сәйкестігін растау:

- 1) машина жасау;
- 2) көлік құралдары;
- 3) металлургиялық;
- 4) радиотехника, электр және кабель өнімдері;
- 5) электрондық және байланыс құралдары;
- 6) бағдарламалық қамтамасыз ету және деректер базасы;
- 7) жеңіл өнеркәсіп;
- 8) құрылыс материалдары, конструкциялары мен бұйымдары, ағаш өңдеу;
- 9) жиһаз;
- 10) тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы өндірісі;
- 11) химия және тұрмыстық химия;
- 12) парфюмерлік-косметикалық және санитарлық-гигиеналық мақсаттар;
- 13) мұнай және оның тазартылған өнімдері;
- 14) газ және оны қайта өңдеу өнімдері;
- 15) қатты отын және оны қайта өңдеу өнімдері;
- 16) қару-жарақ (қызметтік персонал, азаматтық) және оның патрондары;
- 17) жарылғыш заттар мен олардан жасалған бұйымдар және олардың негізінде жасалған өзге де өнімдер;
- 18) пиротехникалық;
- 19) өрт қауіпсіздігі.

2. Қызметтердің сәйкестігін растау:

- 1) жанармай бекеттері мен мұнай өнімдері базалары;
- 2) қонақ үй;
- 3) тамақтану;
- 4) шаштараздар;
- 5) автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 6) туристік және көрікті жерлер;
- 7) теміржол көлігіндегі экспедиторлық қызметтер;
- 8) құрғақ тазалау;
- 9) жүк экспедициясы.

3. Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау

4. Қызметкерлердің сәйкестігін растау

5. Тауарлардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының немесе шетелдік тауарлардың мәртебесін анықтау.

6. Процестің сәйкестігін растау:

- 1) органикалық өнімдер өндірісі;
- 2) халал өндіріс.

Ескертпе:

1. Біртекті өнімдер тобын аттестаттау саласында сарапшы-аудиторлыққа үміткерлерге тағылымдамадан кем дегенде бес есеп, ал бұдан бұрын сертификатталған сарапшы-аудиторлар үшін ұсынылған тағылымдаманы немесе қызмет туралы есепті ескере отырып, кейіннен бағытты сертификаттаумен бірге өнім тобының бір аймағында сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп ұсынылады.

2. Аттестаттаудың жаңа бағыттары енгізілген кезде аттестаттаудың жаңа бағыты енгізілгенге дейін осы өнімнің сәйкестігін растауды жүзеге асырған, бұрын аттестатталған сарапшы-аудитордың практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.

3. Қолданыстағы стандарттардың орнына жаңа стандарттарды енгізу кезінде жаңадан аттестатталатын кандидаттар үшін жаңа стандарт енгізілгенге дейін қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкестігін растауды жүзеге асырған сарапшы-аудитордың практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі (егер сарапшы-аудитордың оқу (қайта даярлау) курстарынан өткендігі) немесе аттестаттау бағыты бойынша біліктілікті арттыру туралы құжаты болса).

Қолданыстағы стандарттардың орнына жаңа стандарттарды енгізу кезінде бұрын ұсынылған бағытта аттестатталған сарапшы-аудиторлар үшін кемінде 40 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттырудан өту талап етіледі.

Алғашқы қабылданған стандарттарды енгізген кезде (қолданысқа енгізу мерзімі 2 жылдан кем) енгізіліп жатқан стандарт бойынша оқудан өтуі және соңғы 5 жыл ішінде сарапшы-аудитор ретінде мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі талап етіледі.